

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
ШАЛҚАР АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТЫНЫҢ
ШЕШІМІ



РЕШЕНИЕ
ШАЛКАРСКОГО РАЙОННОГО
МАСЛИХАТА
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

031200, Ақтөбе облысы
Шалқар қаласы,
Әйтеке би, 47 «А»
Тел:8(71335) 21-4-25
Факс:8(71335) 21-2-99
E-mail: maslixat-shalkar@mail.ru

031200, Актюбинская область
город Шалқар,
ул. Айтеке би, 47 «А»
Тел:8(71335) 21-4-25
Факс:8(71335) 21-2-99
E-mail: maslixat-shalkar@mail.ru

«__» _____ 20__ жыл

№ ____

«__» _____ 20__ года

Шалқар аудандық мәслихатының шешімі №183 28 ақпан 2018 жыл

Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3-13-178
болып тіркелген

**Шалқар ауданы бойынша
пайдаланылмайтын ауыл
шаруашылығы мақсатындағы
жерге бірыңғай жер салығының
мөлшерлемесін арттыру туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық Кодексі) Кодекісінің 704 бабының 3 тармағына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шалқар ауданы бойынша Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес, пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемесі он есеге арттырылсын.

2. «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысы Шалқар аудандық әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оны алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Шалқар аудандық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Шалқар аудандық мәслихаттың
хатшысы**

О.Уксакбаев

С.Бигеев